



Процесс картасы
"ОҚУ ІСІ"
СМЖ НП ПК 01 – 2026

Басылым 2
Дана №1
Бет 1 - 22

«КЕЛІСІЛДІ»
Колледж кеңесінің отырысында
Хаттама № 4
«09» 02 2026ж

«БЕКІТЕМІ»
Қызылорда медициналық
жоғары колледжінің директоры
Ж.А. Калмакова
«09» 02 2026ж



Қызылорда медициналық жоғары колледжі
Оқу процесін ұйымдастыру
ЕРЕЖЕСІ



Процесс картасы
"ОҚУ ІСІ"
СМЖ НП ПК 01 – 2026

Басылым 2
Дана №1
Бет 2 - 22

АЛҒЫ СӨЗ

1.Әзірлеуші	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Е Абдиканиеваның басшылығымен жұмыс тобы	қолы	02.09.2025
2.Тексеру жиілігі	5 жыл		
3.Орнына енгізілді			
4.Таратылды	Директордың орынбасарларына, бөлім меңгерушілеріне, бірлестік жетекшілеріне, пән оқытушыларына, колледж заңгеріне, психологтарға, топ жетекшілеріне, штаттан тыс оқытушыларға		
5.Бекітіліп, қолданысқа енгізілді	Колледж кеңесінің шешімімен Хаттама № 1 2025 ж		
6. Келісті	Колледж директоры Ж.А Калмакова	_____	02.09.2025
	Директордың тәжірибе ісі жөніндегі орынбасары	_____	02.09.2025
	Директордың оқу-әдістеме жөніндегі орынбасары	_____	02.09.2025
	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	_____	02.09.2025



МАЗМҰНЫ

1. Нормативтік сілтемелер.....	4-5
2. Қолданылған қысқартулар, терминдер және анықтамалар.....	6-8
3. Жалпы ережелер.....	9
4. Білім алушының оқу траекториясын таңдау процедурасы	9-10
5. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау	10-11
6. Білім алушылардың білімін бағалау. GPA есептеу әдістемесі.....	11-16
7. Қорытынды аттестация.....	16-17
8. Академиялық транскрипт.....	18
9. Мемлекеттік шәкіртақыларды тағайындау және төлеу.....	18-19
10. Оқу ақысын төлеу.....	19-20
11. Қорытынды ережелер.....	20
12. Қосымшалар	21-22



1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР
Құжатта сілтеме жасалған нормативтік және өзгеде
құжаттардың тізімі

№	Жеке код	Құжаттардың атаулары	Ескертпе
1	ҚРЗ-№319-27.07.07ж	Білім туралы Заңы (№319-III-27.07.07ж)	
2	ҚР З- № 293-VI ҚРЗ-27.12.2019	Педагог мәртебесі туралы	
3	ҚРҮҚ-№116-7.02.2008	Білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қағидаларын және олардың мөлшерлерін бекіту туралы	
4	ҚР БжҒМБ-369-11.09.2013	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы	
5	ҚР БжҒМ-№595-30.10.2018	Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы	
6	ҚР БжҒМ-№338-13.07.2009	Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы	
7	ҚР БжҒМ-№130-6.04.2020	Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы	
8	ҚР БжҒМ-№152-20.04.2011	Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы	
9	ҚР БжҒМ-№137-20.03.2015	Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы	
10	ҚР БжҒМ Б-125-18.03.08ж	Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы	
11	ҚР БжҒМБ-№604-31.10.2018	Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы	
12	№ ҚР ДСМ-63. 04.06. 2022	09110100 «Стоматология»4S09110102 — «Дантист» 09110200 -«Ортопедическая стоматология»4S09110201 - «Тіс технигі» 4S09120100 -« Емдеу ісі» 4S09120101 - «Фельдшер»	



Процесс картасы
"ОҚУ ІСІ"
СМЖ НП ПК 01 – 2026

Басылым 2

Дана №1

Бет 5 - 22

		09130200 «Акушерлік іс »4S09130201 «Акушер» 09130100 - «Мейіргер ісі» ,4S09130103 - "Жалпы практикадағы мейіргер ісі" 09130100 - «Мейіргер ісі », 5AB09130101 «Мейіргер ісіндегі қолданбалы бакалавр» 09140100 - «Лабораторная диагностика» 4S09140101- «Медициналық зертханашы» 09160100- «Фармация» ,4809160101- «Фармацевт»	
13	ҚР ДМС- № ҚР ДСМ-249/2020 -11.12.2020 (14.09.2025 г.)	Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары білім алушыларының білімі мен дағдыларын бағалау, түлектерінің кәсіптік даярлығын бағалау, денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіптік даярлығын бағалау қағидаларын бекіту туралы	
14	ҚР БжҒМ-№107-29.01.2016	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде кәсіпорындарды (ұйымдарды) айқындау қағидаларын бекіту туралы	
15	ҚР БжҒМ Б-№50-21.01.2016	Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы	
16	ҚР БжҒМ-№93-28.01.2016	Мектепке дейінгі ұйымдар, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы өткізуге арналған үлгілік шарттың және дуальды оқыту туралы үлгілік шарттың нысандарын бекіту туралы	
17	ҚР ДСЖӘДМ-№423-29.05.2015	Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарының симуляциялық кабинеттерін (орталықтарын) жаратандыру нормативтерінің бекіту туралы	
18	ҚР СТ ИСО 9001:2016	Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар.	
19		Қызылорда медициналық жоғары колледжінің 2020-2025 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары	
20		Қызылорда медициналық жоғары колледжінің ЖАРҒЫСЫ	



Процесс картасы
"ОҚУ ІСІ"
СМЖ НП ПК 01 – 2026

Басылым 2

Дана №1

Бет 6 - 22

1. ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР, ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР

1- кесте- Қысқартулар

Қысқарған сөздер	Толық атауы
GPA	Орташа үлгерім балы (GradePointAverage);
ЖОЖ	Жеке оқу жоспары
ҚРБЖҒМ	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
БББ	Білім беру бағдарламасы
СӨЖ	Студенттің өзіндік жұмысы
СОӨЖ	Оқытушы жетекшілігі мен студенттің өзіндік жұмысы
ТК	Тіркеуші кеңсе
ЭПК	Элективті пәндер каталогы

2- кесте-Терминдер мен анықтамалар

Термин	Анықтамасы
Академиялық күнтізбе Academic Calendar	Демалыс күндер (мерекелер) қоса көрсетілген оқу және бақылау іс-шараларының, оқу жылындағы кәсіптік практикалардың күнтізбесі
Академиялық кезең Term	Теориялық дайындық кезеңі;
Академиялық транскрипт Academic Transcript	кредиттердің, бағалардың және орташа балдың санын көрсете отырып, тиісті оқу кезеңінде өтілген пәндердің тізбесін қамтитын белгіленген нысандағы құжат
Академиялық сағат Academichour	Оқу сабақтарының көлемін немесе оқу жұмысының басқа түрлерін өлшеу бірлігі, 1 академиялық сағат 45 минутқа тең. Академиялық күнтізбені (оқу процесінің кестесін), оқу сабақтарының кестесін жасау кезінде, өткен оқу материалдарын жоспарлау және есепке алу кезінде сондай-ақ педагогикалық жүктемені жоспарлау және оқытушының жұмысын есепке алу кезінде қолданылады.



Процесс картасы
"ОҚУ ІСІ"
СМЖ НП ПК 01 – 2026

Басылым 2
Дана №1
Бет 7 - 22

Академиялық кредит	Білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысы (жүктемесі) көлемінің бір іздендірілген өлшем бірлігі.
Апелляция (Appeal)	Білім алушылардың білімін объективті емес бағалауға ықпал ететін факторларды анықтау және жою үшін жүргізілетін процедура.
Жеке оқу жоспары	Білім беру бағдарламасымен элективті пәндер каталогын егізінде эдвайзердің көмегімен әрбір семестрге және (немесе) оқу жылына өзі қалыптастыратын студенттің оқу жоспары.
Қорытынды Аттестатация (Qualification Examination)	Тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көзделген оқу пәндерінің және (немесе) модульдердің көлемін меңгеру дәрежесін анықтау мақсатында жүргізілетін процедура
Құзыреттілік	Оқыту процесінде алған білімді, іскерлікті және дағдыларды кәсіби қызметте практикалық қолдану қабілеті
Кредиттік оқыту технологиясы (Credit Education)	Академиялық кредиттерді жинақтай отырып, пәндерді және (немесе) модульдерді оқып-үйрену жүйелілігін таңдау және өзбетінше жоспарлау негізінде оқыту
Білім алушылар	БББ бойынша білім алатын тұлғалар.
Міндетті пәндер (Core Subjects)	барлық студенттер міндетті түрде оқитын пәндер
Тіркеуші кенсе (Office of the Registrar)	Білім алушыларды оқытылатын пәндерге тіркеумен, барлық оқу кезеңінде олардың барлық оқу жетістіктерін тіркеумен айналысатын, аралық және қорытынды білімді бақылауды ұйымдастыруды және академиялық рейтингті есептеуді қамтамасыз ететін қызмет
Қорытынды бақылауды (емтиханды) қайта тапсыру	"FX"- белгісіне сәйкес "қанағаттанарлықсыз" деген баға алған жағдайда білім алушы оқу пәні/модулінің бағдарламасын қайта өтпей, қорытынды бақылауды қайта тапсыру мүмкіндігі
Пререквизиттер /Постреквизиттер (Prerequisites/ Postrequisites)	–оқылатын пәнді және (немесе) модульдерді меңгеру үшін қажетті білім, білік, дағды және құзыреттіліктері бар пәндер және (немесе) модульдер және басқада оқу жұмыстарының түрлері
college.smartnation.kz	интернет-технологиялар көмегімен іске асырылатын оқу процесіне арналған автоматтандырылған ақпараттық жүйесі



Процесс картасы
"ОҚУ ІСІ"
СМЖ НП ПК 01 – 2026

Басылым 2
Дана №1
Бет 8 - 22

Жұмыс оқу жоспары (Curriculum)	типтік оқу жоспары мен білім беру бағдарламасы негізінде колледж әзірлейтін құжат. Оқу пәндерінің міндетті компоненті, элективтік пәндерді, факультативтік сабақтар мен консультацияларды, кредиттер санын, пәндерді оқытудың бірізділігін, оқу сабақтарының түрлерін және бақылау нысандарын қамтиды.
Таңдау компоненті	білім алушыларға жеке білім беру траекториясын қалыптастыру үшін элективті оқу пәндерін баламалы таңдау
Аралық бақылау (Midterm)	оқу пәнінің бөлімін (модулін) аяқтағаннан кейін білім алушылардың оқу жетістіктерін тексеру.
GPA үлгерімінің орташа баллы (Grade Point Average)	Академиялық кезеңдегі таңдалған бағдарлама бойынша білім алушының оқу жетістіктері деңгейінің орташа өлшенген бағасы (кредиттік сағат туындысы сомасының ағымдағы оқу кезеңіндегі кредиттердің жалпы санына пән бойынша қорытынды бақылау бағасы балдарының сандық эквивалентіне қатынасы
Оқу пәні	білім алушыларға оқу процесіне қатысты талаптар мен нормалардың жиынтығы.
Эдвайзер (Advisor)	тиісті білім беру бағдарламасы бойынша білім алушының академиялық тәлімгері қызметін атқаратын, оқу траекториясын таңдауда (ЖОЖ қалыптастыру) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламасын меңгеруде студентке көмек көрсететін оқытушы
Журнал	Білім алушылардың сабаққа қатысуымен үлгерімі көрсетілген ресми құжат



1.ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Қызылорда медициналық жоғары колледжі оқытудың кредиттік технологиясы бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша мамандар даярлауды жүзеге асырады, оның негізгі міндеті білім алушылардың оқу процесін тәртіптеу және кредит түрінде білім көлемін есепке алу шеңберінде білім траекториясын таңдау негізінде өзін-өзі ұйымдастыру және өз бетінше білім алу қабілетін дамытудан тұрады. Кадрларды даярлау бағыттары бойынша мамандықтардың білім беру бағдарламалары ҚР МЖМБС сәйкес әзірленеді.

1.1 Осы Ереже студенттерді оқытудың кредиттік технологиясы бойынша ҚМЖК- де оқыту тәртібін анықтайды, білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеу, ағымдағы, аралық бақылау, қорытынды аттестаттау, білім алушылардың білімін бағалау және т.б. тәртібін реттейді.

1.2 Ереже осы Ереженің 1-бөлімінде көрсетілген нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді.

1.3 Білім алушылардың оқу жүктемесінің көлемі әрбір оқу пәні немесе модуль бойынша оқу жылы ішінде игерілетін кредитпен өлшенеді.

1.4 Оқу пәндерінің саны білім беру бағдарламасының жұмыс оқу жоспарларында көрсетіледі. Әрбір пән,әдетте, бір семестр бойы оқытылады.

1.5 Оқу жылы академиялық кезеңдерден (семестр),аралық және қорытынды аттестаттаудан (бітіру курсы үшін), практикалармен демалыстардан тұрады.

1.6 Әр семестрдің ұзақтығы 20 аптаны құрайды.

1.7 Оқу жылы білім беру бағдарламасының оқу жоспарына сәйкес теориялық және практикалық оқытудың жинақталған кредиттерінің санымен анықталады.

1.8 Білім алушыларға әр академиялық кезеңнен кейін демалыс беріледі. Оқу жылының жалпы демалыс уақыты ұзақтығы кемінде 11 аптаны құрауы тиіс. БББ бойынша оқу мерзімі игерілген академиялық кредиттер көлемі мен анықталады. Білім алушы оқу тәртібін сақтауға, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысуға міндетті. Сабақтарға қатыса алмаған жағдайда кез-келген тәсілмен (телефон, факс, хат, электрондық пошта және т.б.) қатыса алмау себептері туралы эдвайзерге дереу хабарлауға және ресми растау құжаттарын (анықтамалар, өкілетті мемлекеттік органдардың құжаттары және т.б.) міндетті кіндігінше қысқа мерзімде, бірақ оқуға шыққан күннен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынуға міндетті.

1.9 Студенттер академиялық үлгермеуді болдырмау үшін оқу сабақтарына ұзақ уақыт қатыса алмаған жағдайда (20% - дан артық) колледж белгілеген тәртіппен Академиялық демалыс ресімдеу ұсынылады.

1.10 Студенттер оқу жылы аяқталғаннан кейін директордың бұйрығымен келесі оқу жылына ауыстырылады.

2.БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ОҚУ ТРАЕКТОРИЯСЫН ТАҢДАУ ПРОЦЕДУРАСЫ

2.1.Студент өзінің оқу траекториясын оқу бағдарламасының оқу жоспарының бөлігі ретінде құрастырылған дербес ЖОЖ түрінде жасайды. Тиісті білім деңгейін игеру үшін студент оқу жоспарында талап етілетін кредит санын алу арқылы жеке оқу жоспарын орындауға міндетті.

2.2. Студент ЖОЖ құрастыруға және оқу бағдарламасының жұмыс оқу жоспарының талаптарына сәйкес оқу курсы аяқтауға жауапты.

2.3 ЖОЖ эдвайзердің көмегімен әрбір академиялық кезеңге құрылады. Эдвайзердің басты міндеті - білім алушыға оқу траекториясын таңдауға көмек көрсету. Эдвайзер болмаған жағдайда бөлім меңгерушісі білім алушыларға олардың жеке оқу жоспарын қалыптастыру мәселелері бойынша кеңес береді. Эдвайзерлер тізімі колледж директоры бұйрығымен жыл сайын бекітіледі.

2.4. Өзінің ЖОЖ құру кезінде білім алушы:



- Осы Ережемен танысуға;

- Оқу пәндеріне белгіленген тіркеу мерзімдерін сақтауға міндетті.

2.5 Элективті пәндерді таңдау білім алушының кәсіптік бағдарын ескере отырып жүзеге асырылады, бұл ретте білім алушының ЖОЖ-ы басқа мамандықтар/ББ бойынша мәлімделген пәндерді де қамтуы мүмкін. Пәнді таңдаудағы жалғыз талап-тандалған пән үшін пререквизиттердің болуы.

2.6 Қалыптастырылған ЖОЖ-ға білім алушының қолы қойылады және эдвайзер қарайды. Эдвайзер ескертулері болмаған жағдайда ЖОЖ-ды бекітеді. ЖОЖ-ға қол қою мерзімі-семестрдің 4-аптасынан кеш емес.

ЖОЖ-ға қол қою процесінің уақтылы болуына мониторинг жүргізеді.

2.7 Білім алушы тіркелудің 2-сатысы кезеңінде және "Add/Drop" кезеңінде ЖОЖ-ын құрамы бойынша өзгертуге құқылы.

2.8 Сабақтардың алғашқы күнінен бастап әрбір академиялық кезеңде пәндердің толық оқу – әдістемелік кешенін (ПОӘК) оқытушы студентке беруге міндетті.

2.9 Оқытудың кредиттік технологиясы жағдайында білім алушының өзіндік жұмысына үлкен мән беріледі: СӨЖ, СОӨЖ. Білім алушы жеке тапсырмаларды, курстық және басқа да зерттеу жобаларын өз бетінше орындау, кейстерді және т.б. талдау дағдыларын меңгеруі тиіс.

2.10 Өзіндік жұмыстардың барлық түрлері пәндердің оқу жоспарында сипатталған, нақты міндеттермен бағалау критерийлері көрсетілген.

Оқу тапсырмаларының барлық түрлері бойынша әдістемелік нұсқауларда бағалау критерийлерін көрсете отырып, білім алушының міндеттері мен оларды орындау талаптары сипатталған.

Студенттер аяқталған оқу тапсырмаларын, егер пән оқу жоспарында басқа тәсілдер қарастырылмаса, қағаз және/немесе электрондық тасығышта жазбаша түрде тапсырады.

2.11. СОӨЖ теориялық оқыту шеңберінде өткізіледі.

2.12 СӨЖ-де студенттерді сабақтарға аудиториядан тыс дербес дайындау, сондай-ақ алынған тапсырмаларды орындау үшін аудиториялық дербес жұмыс болып табылады, осыған байланысты сабақ кестесінде арнайы сағат қарастырылмайды.

3. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҚЫЛАУ

3.1. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау оқытылатын пән бойынша әр түрлі бақылау тапсырмалары түрінде жүргізіледі.

3.2 Бақылау ағымдағы, аралық және қорытынды бақылауға бөлінеді.

Ағымдағы бақылау-бұл оқытушы пәннің ағымдағы сабақтарда жүргізетін білім алушылардың оқу жетістіктерін жүйелі түрде тексеру.

Аралық бақылау (Midterm) – сессия кезінде пән аяқталған соң жүзеге асырылатын бақылау.

Аралық бақылау міндетті болып табылады. Аралық бақылаудың нысаны МЖМБС мен, мазмұнын пәнді жүргізетін оқытушы анықтайды.

Қорытынды бақылау (қорытынды емтихан) оқу курсы аяқталғаннан кейін барлық оқу жылына берілген пәнді оқып болғаннан кейін білім алушының оқу жетістіктерін тексеру.

Пән бойынша қорытынды баға ағымдық, аралық және қорытынды бақылаулардан құралады және білім алушының транскриптіне қойылады.

3.3 Барлық бақылау түрлері мен тиісті білімді бағалауды оқытушы академиялық күнтізбеге және пәннің силлабусына сәйкес жүргізеді.

3.4 Білім алушыларға барлық оқу сабақтарына қатысу міндетті. Оқытушы білім алушылардың сабаққа қатысуын бақылауды жүзеге асырады.

3.5 Оқытушы оқу сабағы өткізілген күннен бастап қағаз және электрондық қатысу журналын толтыруға міндетті.

3.6 Қағаз/электронды журналдың уақтылы толтырылуын оқытушылар және бөлім меңгерушісі қамтамасыз етеді, оқу бөлімі тиісті мониторинг жүргізеді.



3.7 Аралық бақылау нәтижелері (студенттің межелік бақылау кезінде жинаған балл саны, Midterm балдарын қоса алғанда) электрондық тізімдемеге межелік бақылау аптасы аяқталғаннан кейін үш тәуліктен кешіктірмей енгізіледі.

3.8 Әр пән біткен соң білім алушының аралық бақылауға жіберілу рұқсат беру рейтингі (РБР) қалыптасады.

3.9 Емтихандар (дифференциалдық сынақтар) аралас формаларда өткізіледі. Директордың оқу- ісі жөніндегі орынбасары шешімі бойынша емтихандар әртүрлі формаларда өткізіледі.

Тапсырмалар әртүрлі сұрақтардан тұрады: "дұрыс/дұрыс емес", көптеген таңдау, тапсырмаларды шешу, жобаларды орындау, эссе жазу және практикалық нысандағы тапсырмаларды орындау, ОСКЭ, бағаланатын сұхбат т.б. Кешенді емтихан ұзақтығының жалпы уақытын (тестілеу, емтиханның жазбаша және ауызша бөліктері) емтихан алушы анықтайды, бұл ретте емтихан ұзақтығы 6 сағаттан аспауы тиіс.

3.10 Практика бойынша аттесттатауды (мекеме/ұйымнан практика жетекшісі мен колледжден практика жетекшісінің пікірлерін ескере отырып) практика бойынша есептерді қорғауды қабылдайтын колледж комиссиясы жүргізеді.

3.11 Білім алушылардың аралық бақылауларын ұйымдастыру және өткізу бөлім меңгерушілеріне жүктеледі.

Емтихан ведомосінің қағаздан басқасы бөлім меңгерушісінде сақталады.

3.12 Аралық аттестаттауды тапсыруға келесі білім алушылар жіберіледі:

-оқу ақысын төлеу бойынша қарызы жоқ;

-пән бойынша оқу сабақтарға 20%-дан артық қатыспауы жоқ. ағымдағы бақылаулар қорытындысы бойынша (аудиториялық сабақ, СӨЖ, симуляция, клиникадағы практика) есептелген рұқсат беру рейтингісінде 50 және одан көп балл жинаған;

- академиялық демалыста жоқ.

Пән оқытушылары аралық аттестаттау басталғанға дейін бір жұмыс күні бұрын пән бойынша 20% сабаққа қатыспаған білім алушыларды аралық аттестаттауға жібермеу туралы мәлімдемені бөлім меңгерушісіне ұсынады.

Есеп бөлімі 15-ші оқу аптасында оқу үшін қаржылық қарызы бар білім алушылардың тізімін ұсынады. Ұсынылған тізімдердің негізінде бөлім меңгерушісі мен директордың практика жөніндегі орынбасары білім алушыларды клиникадағы практикаға (оқу-өндірістік және диплом алды) жібермеуге тәсіл қабылдайды.

3.13 Білім алушы белгіленген мерзімде, кешікпей, бекітілген кестеге сәйкес, өзімен бірге жеке куәлігі және сынақ кітапшасын алып емтиханға келуге міндетті. Білім алушы колледжде бекітілген тәртіп ережелерін емтиханда (дифференциалдық сынақта) қатаң сақтауға міндетті.

3.14 Қорытынды емтихан кезінде білім алушылар пәннің оқу бағдарламасын және анықтамалық әдебиет пен сөздіктерді оқытушының рұқсатымен ғана пайдалана алады.

Емтихан тапсыра алмаған және 3 және одан да көп пәннен "F" бағасы бар студент педагогикалық кеңес шешімімен колледжден шығарылады.

4. БІЛІМ АЛУШЫЛАР БІЛІМІН БАҒАЛАУ. ГРА ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ

4.1 Білім алушының білімін бағалау колледжде қабылданған білім алушылардың білімін бағалаудың төменде келтірілген шкаласына сәйкес дәстүрлі бағалау жүйесіне тиісті аудармасы бар балдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша жүзеге асырылады.

4.2 Аралық аттестаттау тапсыру нәтижелері бойынша білім алушылардың алған бағаларын оқытушы емтихан ведомостіне қояды. Оқытушы қол қойған емтихан ведомосі (қағаз тасымалдағышта) бөлім меңгерушісіне ұсынылады және одан әрі ведомосттегі қойылған бағалар өзгертілмейді. Білім алушылардың академиялық көрсеткіштерін есепке алу кезінде қағаз тасымалдағыштағы емтихан ведомосі негізге алынады.

Білім алушыларға бағаларды (баллдарды) өзгерту, тест тапсырмаларына дұрыс жауап алу және өзге де жағымсыз және/немесе белгіленген тәртіпке қайшы келетін мақсаттар үшін колледждің электрондық деректер базасына және өзгеде құжаттарына (журналдар, ведомостар және т.б.) өз бетімен (рұқсатсыз)



кіруге қатаң тыйым салынады. Тәртіптік теріс қылық жасалған жағдайда білім алушыға тәртіптік шара қолданылады.

Үлгерімді ағымдағы бақылау кезінде білім алушылардың оқу жетістіктері 100 балдық шкала бойынша рейтингтік баллдармен бағаланады. Білім алушы пән/модуль бойынша емтиханға жіберу рейтингісінің бағасы 50 балдан кем болмаған жағдайда ғана жіберіледі.

Аралық аттестаттау білім алушылар академиялық кезең ішінде бір пәннің/модульдің бір бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын игергеннен кейін өткізіледі.

Аралық аттестаттау қорытындысы бойынша әр семестрдің соңында пән/модуль бойынша қорытынды баға қойылады.

4.3 Пән бойынша қорытынды баға ағымдағы үлгерімнің, аралық бақылаудың бағаларынан тұрады. Ағымдағы үлгерімнің бағасы пән бойынша қорытынды бағаның 60% - ын құрайды және емтихан бағасы пән бойынша қорытынды бағаның 40% - ын құрайды. Осылайша, әрбір пән бойынша жалпы баға шығарылады. Жалпы баға рұқсат беру рейтингі (максимум–60 балл және аралық аттестаттау (максимум–40балл) қоса алғанда, ағымдағы бақылау нәтижелері бойынша білім алушы жинаған баллдардың жиынтығы ретінде анықталады және жиынтығында ең жоғары 100 балды құрайды.

Қорытынды баға (рейтинг) пән/модуль бойынша мына формула бойынша есептеледі:

$$Қ = 0,6 \times (ОН\ 1 + \dots + ОН\ N) / N + 0,4 \times E, \text{ мұнда:}$$

ОН-оқыту нәтижесі;

N-оқыту нәтижелерінің саны;

E-емтихан бағасы немесе сараланған тест.

Бұл балдарды оқытушы әртүрлі жұмыс түрлері бойынша бөледі. Жұмыстардың әрбір түрі нақты әзірленген және силлабуста ұсынылған бағалау критерийлеріне сәйкес бағалануы тиіс.

4.4 Оң қорытынды баға тиісті пән бойынша белгіленген кредиттер санымен игерілген кредиттерді толықтыру үшін негіз болады және білім алушының транскриптіне енгізіледі.

Аралық аттестаттау (емтихан) бойынша "қанағаттанарлықсыз" бағасын алған білім алушыға "FX" бағасы қойылады және академиялық күнтізбемен белгіленген мерзімде бір рет қайта тапсыруға мүмкіндік беріледі.

Егер білім алушы кемінде 50 балл жинаса, оқу пәні/модулі игерілген болып саналады.

Оқытушы олимпиадаларға белсенді қатысқаны, баяндамалар мен мақалалар дайындағаны және т.б. үшін, сондай-ақ өзіндік жауап үшін, семестр бойы сабақтағы белсенді жұмысы үшін + жалпы рұқсат беру рейтингіне 10% ынталандыру балдарын пайдалана отырып, білім алушылардың рейтингін көтере алады.

Дәстүрлі бағалау шкаласына ауыса отырып, білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесі

Бағалаудың әріптік жүйесі	Сандық эквивалент	Ұпайлардың мазмұнды пайызы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,00	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,00	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,00	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,00	50-54	Қанағаттанарлықсыз
F	0,00	0-49	



5.1. «Өте жақсы» бағаға сәйкес келеді:

–4,0 сандық эквиваленті және 95-100% пайызы бар **A бағасы**. Бұл баға білім алушы оқу материалын шығармашылық тұрғыдан түсінуді және өз бетінше практикалық қолдануды, құбылыстар мен процестердің мәнін тереңірек түсіну үшін қосымша көздерді қолдануды, материалдың танымдық құрылымын көруді, құрылымның жетіспейтін элементтерін анықтауды, оларды толықтыруды көрсеткен жағдайда қойылады. Тапсырманы орындаудағы пәуелсіздік пен шығармашылық көзқарастың жоғары деңгейі. Проблемалық аймақтар мен тәуекел аймақтарын анықтау. Проблемалық жағдайларды шешу үшін алған білімдерін креативті пайдалану;

–3,67 сандық эквиваленті және 90-94% пайызы бар **A- бағасы**. Бұл баға білім алушы оқу материалын шығармашылық тұрғыдан түсінуді және өз бетінше практикалық қолдануды, құбылыстар мен процестердің мәнін тереңірек түсіну үшін қосымша көздерді қолдануды, материалдың танымдық құрылымын көруді, құрылымның жетіспейтін элементтерін анықтауды, оларды толықтыруды көрсеткен жағдайда қойылады. Проблемалық аймақтар мен тәуекел аймақтарын анықтау. Проблемалық жағдайларды шешу үшін алған білімдерін шығармашылық қолдану. Іс-әрекеттің өзін-өзі бағалауы, жұмыстағы қателіктер мен олардың пайда болу себептерін талдау, оларды өз бетінше түзету және өз дағдыларын жетілдіру бойынша іс-әрекеттерді жоспарлау.

2) «Жақсы» бағаға сәйкес келеді:

–3,33 сандық эквиваленті және 85-89% пайызы бар **B + бағасы**. Бұл баға білім алушы оқу материалын игеруді және оны практикалық қолдануды көрсеткен жағдайда қойылады. Жаңасын құру мақсатында элементтерді дербес біріктіру. Әр түрлі жағдайларда әр түрлі деңгейдегі оқу материалдарымен еркін жұмыс істеу. Тапсырманы орындау кезінде тәуелсіздік пен шығармашылық көзқарастың жеткілікті деңгейі. Іс-әрекеттерде елеусіз қателіктерге жол беру және оларды оқытушының ұсынысы бойынша түзете білу;

–3,0 сандық эквиваленті және 80-84% пайызы бар **B бағасы**. Бұл баға білім алушы оқу материалын меңгеруді және еркін жұмыс істеуді және оны стандартты және стандартты емес жағдайларда практикалық қолдануды көрсеткен жағдайда қойылады. Қолда бар деректерді оларды әрі қарай қолдану мақсатында салыстырады және саралайды. Тапсырманы орындау кезінде тәуелсіздік пен шығармашылық көзқарастың жеткілікті деңгейі. Іс-әрекеттерде шамалы қателіктерге жол беру және оларды оқытушының ұсынысымен түзету мүмкіндігі.

–2,67 сандық эквиваленті және 75-79% пайызы бар **B- бағасы**. Бұл баға білім алушы бағдарламалық материалды игеруді, оны практикалық қолдануды, стандартты және стандартты емес жағдайларда алған дағдыларын көрсеткен жағдайда қойылады. Тапсырмаларды орындау кезінде табиғи мотивацияның болуы. Топта тапсырманы орындауға белсенді қатысу. Қателіктер мен қателіктер жіберу, оларды педагогтың ұсынысы бойынша түзету;

–сандық эквиваленті 2,33 және пайыздық құрамы 70-74% болатын **C+ бағасы**. Бұл бағалау білім алушы бағдарламалық материалды игеруді, оны практикалық қолдануды, алған дағдыларын стандартты, кейде стандартты емес жағдайларда көрсеткен жағдайда қойылады. Тапсырмаларды орындау кезінде табиғи мотивацияның болуы. Топта тапсырманы орындауға белсенді қатысу. Қателіктер мен елеусіз қателіктер жіберу, оларды оқытушының бақылауымен түзету.

3) «Қанағаттанарлық» сәйкес келеді:

–сандық эквиваленті 2,0 және пайыздық құрамы 65-69% болатын **C бағасы**. Бұл баға білім алушы бағдарламалық материалды игеруді, оның практикалық қолданылуын, белгіленген үлгілерге сәйкес тапсырманы орындау дағдыларының болуын көрсеткен жағдайда қойылады. Тапсырмаларды өз бетінше орындауға ұмтылу, мысалдар келтіру, жіктеу, салыстыру және т.б. стандартты емес жағдайларда тапсырманы орындау қиындықтары. Қателіктер жіберу, оларды педагогтың бақылауымен түзету;

–1,67 сандық эквиваленті және 60-64% пайызы бар **C- бағасы**. Бұл баға білім алушы оқу материалын түсінуді, оны типтік жағдайларда механикалық қолдануды көрсеткен жағдайда қойылады. Тапсырмаларды одан әрі процесс үшін маңыздылығын терең түсінбестен өз бетінше орындау, нәтижесінде қателіктерге әкелетін іс-әрекеттің толық еместігі мен сәйкессіздігі болады. Стандартты емес



жағдайларда тапсырманы орындау қиындықтары. Қателіктер жіберу, оларды педагогтың бақылауымен түзету;

– 1,33 сандық эквиваленті және 55-59% пайызы бар **D+ бағасы**. Бұл баға білім алушы оқу материалының репродуктивті деңгейде механикалық дамуын көрсеткен жағдайда қойылады. Тапсырмаларды одан әрі процесс үшін маңыздылығын терең түсінбей орындау, соның салдарынан қателіктерге әкелетін әрекеттердің толық еместігі мен сәйкессіздігі. Педагогтың басшылығымен қызметті түзету. Стандартты емес жағдайларда тапсырманы орындаудағы қиындық;

– 1,0 сандық эквиваленті және 50-54% пайызы бар **D бағасы**. Бұл баға білім алушы оқытушының басшылығымен репродуктивті деңгейде оқу материалын механикалық игеруді көрсеткен жағдайда қойылады. Терминдерді, ұғымдар мен фактілерді қолдану. Оқытушының көмегімен жұмысты немесе тапсырманы орындау алгоритмін қолдану. Стандартты және стандартты емес жағдайларда тапсырмаларды орындау кезінде қиындықтардың пайда болуы.

4) «Қанағаттанарлықсыз» бағасына 0 сандық эквиваленті және 0-49% пайыздық құрамы бар **F бағасы** сәйкес келеді. Бұл баға білім алушы модуль (пән) бағдарламасының жартысынан астамын игергенін көрсеткен жағдайда қойылады. Педагогтің қосымша және нақтылаушы сұрақтары білім алушының жауабын түзетуге әкелмейді. Бағдарламада көзделген негізгі материалды білуде олқылықтардың болуы, жауаптарда принципті қателіктер жіберілген, ағымдағы, аралық және қорытынды бақылау нысандарында көзделген жеке тапсырмалар орындалмаған жағдайда.

GPA есептеу үлгісі:

Пән	Кредит саны	Әріптік баға	Сандық эквивалент
Мейіргер ісінің негіздері	10	A	4.0
Мейіргерлік істегі қауіпсіздік және сапа	6	B	3.0
Мейіргерлік істегі психология негіздері және коммуникативтік дағдылар	5	F	0.0
Дене шынықтыру	1	A	4.0
Элективтер	2	B	3.0
Практика «Негізгі мейіргерлік күтім»	6	F	0.0

Мейіргер ісінің негіздері- $4.0 \times 3 = 12.0$

Мейіргерлік істегі қауіпсіздік және сапа- $3.0 \times 2 = 6.0$

Мейіргерлік істегі психология негіздері және коммуникативтік дағдылар- $0.0 \times 3 = 0.0$

Денешынықтыру - $4.0 \times 3 = 12.0$

Элективтер - $3.0 \times 2 = 6.0$

Практика «Негізгі мейіргерлік күтім»- $0.0 \times 3 = 0.0$

Көбейтінділердің қосындысы = $12 + 6 + 0 + 12 + 6 + 0 = 36.0$

Жалпы кредиттер саны = $10 + 6 + 5 + 1 + 2 + 6 = 30$

GPA = Көбейтінділердің қосындысы / жалпы кредиттер саны = $36.0 / 30 = 1.2$

Келесі курсқа көшу үшін аралық аттестаттауды тек жағымды бағаға тапсыру жеткіліксіз, сонымен қатар ағымдағы оқу жыл үшін колледж директоры бекіткен минималды GPA балын жинауы қажет.

Қызылорда медициналық жоғары колледжі бойынша курстан курсқа көшу GPA балы төмендегідей:

1-курстан 2-курсқа - 1,00;

2-курстан 3-курсқа - 1,33;

3-курстан 4-курсқа - 1,67.

6. Ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізу тәртібі

Ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізу тәртібі:

–бағалау процесінің барынша объективтілігі мен ашықтығын қамтамасыз ету үшін оқу орындары ағымдағы бақылау, біліктілік немесе модуль /пән бойынша аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу үшін бағалау парақтарын (чек-парақтарды) әзірлейді;



- бағалау парақтарын педагог білім беру ұйымы белгілеген нысандарға сәйкес әзірлейді;
- педагог білім алушы алған бағасы туралы нақты түсінікке ие болуы үшін бағалардың әрқайсысына қойылатын талаптарды егжей-тегжейлі сипаттайды;
- педагог кері байланысты ұсына отырып, бағалау парақтарын уақтылы толтырады;
- бағалау парағында (чек-парақта) балдарды санағаннан кейін рұқсат беру рейтингі қағаз және электрондық журналдардың, білім алушының үлгерім кітапшасының және емтихан ведомосінің тиісті бағанына қойылады. Біліктілік немесе модуль / пән бойынша қорытынды баға үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларында (емтихан немесе сынақ) белгіленген нысандар бойынша аралық және қорытынды аттестаттау шеңберінде өткізіледі);
- білім алушылар алдын ала бағалау үшін Бақылау-өлшеу құралдарымен қамтамасыз етіледі;
- біліктілік, модуль / пән бойынша қорытынды баға ағымдағы үлгерім және қорытынды бақылау бағасы (емтихан бағасы немесе сараланған сынақ) бойынша бағаланатын рейтинг негізінде қойылады);
- келесі семестрге ауысатын модульдер/пәндер бойынша сараланған сынақты ағымдағы үлгерімнің бағасы бойынша қоюға рұқсат етіледі;

Білім алушылардың емтиханға қатысуықатаң түрде міндетті. Егер пән бағдарламасын толық көлемде орындаған білім алушы емтиханға кешіксе немесе келмесе, қатысу парағында оның тегіне қарама-қарсы "келмеді" деген белгі қойылады.

6.1 қорытынды бақылау нәтижесі мен келіспейтін білім алушы емтихан нәтижелері пайда болған сәттен бастап 24 сағат ішінде апелляция береді.

Емтихан сессиясы кезінде директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарының бекітуімен біліктілігі апелляцияланатын пәндердің бейініне сәйкес келетін оқытушылар қатарынан апелляциялық комиссия құрылады. Апелляция нәтижелері хаттамамен ресімделеді және апелляциялық комиссияның шешімі негізінде білім алушыға жеке емтихан тізімдемесі жасалады, ол негізгі емтихан тізімдемесіне қоса беріледі.

Оқытушы емтихан нәтижелерін ақпараттық жүйеге енгізеді және емтихан тізімдемесін қағаз тасығыштарда бөлім меңгерушісіне тапсырады.

6.2 Емтиханды қайта тапсыру - емтиханға өтуге рұқсат алған рейтингі оң және қорытынды емтиханда 20 баллдан төмен жинаған білім алушыларға ғана рұқсат етіледі, бұл жағдайда оларға " FX "бағасы қойылады. Қайта тапсыруға келесі семестр басталғанға дейін академиялық күнтізбеде көрсетілген кезеңде бір рет қана рұқсат етіледі.

6.3 "FX" бағасын қайта тапсыруға келмеген немесе қайта тапсыру кезінде қорытынды емтиханда 20 баллдан кем жинаған студенттерге пәнбойынша "F" бағасы қойылады.

6.4 Аралық аттестаттауды (емтихандар мен сынақтарды) өткізу кезінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы басшысының рұқсатынсыз (оқу ісі, әдістемелік жұмыстар жөніндегі басшының орынбасарынан, бөлім меңгерушісі мен пәндік-циклдік комиссияның төрағасынан (төрайымынан) басқа) бөгде адамдардың қатысуына болмайды.

Сырақтануына байланысты немесе басқа да дәлелді себептермен аралық аттестаттаудан өтпеген білім алушыларға техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу орнының басшысы оны тапсыруға жеке мерзімді білім беру ұйымдарының бекітілген бұйрығымен белгілейді.

"Қанағаттанарлықсыз" (сынақтан өткен жоқ) деген баға алған жағдайда емтиханды қайта тапсыруға бір пән және (немесе) модуль бойынша бір реттен артық рұқсат етілмейді.

Емтиханды (сынақты) қайта тапсыруға пәнді жүргізетін оқытушыға, модуль шеңберінде оқытушыларға белгіленген мерзімде бөлім меңгерушісі жазбаша түрде рұқсат берген жағдайда жіберіледі (немесе сабақ беретін оқытушы болмаған жағдайда, осы пәннің (модульдің) бейініне сәйкес біліктілігі бар басқа оқытушыға тапсыруға болады).

Аралық аттестаттау нәтижелері бойынша 2-ден аспайтын "қанағаттанарлық" бағасы бар білім алушылар үшін бөлім меңгерушісінің (директор орынбасарының) жолдамасы бойынша бағаны неғұрлым жоғары деңгейге қайта тапсыруға рұқсат етіледі, бірақ бұл шәкіртақы тағайындау нәтижесіне әсер етпейді.

Аралық аттестаттау нәтижелері бойынша үштен астам "қанағаттанарлықсыз" бағасы бар білім алушылар педагогикалық кенестің шешімі бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі



білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен білім беру ұйымынан шығарылады, оған белгіленген үлгідегі анықтама беріледі.

Белгіленген курстағы оқу жоспарының талаптарын толықтай орындаған, аралық аттестаттаудың барлық сынақтары мен емтихандарын табысты тапсырған білім алушылар келесі курсқа техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен көшіріледі.

Аралық аттестаттауға шығарылмайтын пәндер, модульдер бойынша қорытынды бағаларды оқытушылар курс аяқталған соң үлгерімді ағымдағы бақылау бағаларының негізінде қояды.

6.5.1 "F" бағасы студентке/кадетке келесі жағдайда қойылады:

-пән бойынша аудиториялық сабақтарға олардың жалпы санынан 20%-дан артық қатыспаған жағдайда;

- Егер білім алушы семестр ішінде қажетті семестрлік балдардың жалпы санының 50%-нан кем жинаған жағдайда;

-аралық бақылауда және/немесе емтиханда шпаргалкаларды пайдалану және студенттің емтихандағы тәжірибелерін өзге де бұзушылықтары кезінде;

-"FX" бағасы бар білім алушы соңғы бақылауды қайта тапсырған кезде қанағаттанарлықсыз баға алған жағдайда.

6.5.2 Студент пән бойынша оқу сабақтарының 20%-дан астамына қатыспаған алған жағдайда "F" деген баға қойылады.

Бұл ретте студенттер әр оқу пәні бойынша силлабустардың барлық нұсқауларын мерзімінде орындауы тиіс (білімді бақылаудың барлық түрлері, СӨЖ орындау және т.б.).

6.5.3 Студентте шпаргалка болған жағдайда, сондай-ақ студент емтихандағы тәртіп ережелерін бұзған жағдайда (көшіру, коммуникацияның электронды құралдарын пайдалану және т.б.), студент емтиханнан шығарылады (бұл семестр ішіндегі ағымдық бақылауды қоса алғанда, бақылаудың барлық түріне және Mid term-ге де қатысты). Бұл ретте пән бойынша студентке семестр бойы жинаған балдардың санына қарамастан қорытынды "F" бағасы қойылады.

Емтиханда шпаргалка пайдалану фактісі қайта анықталған жағдайда студентке колледжден шығарылғанға дейін тәртіптік ықпал ету қолданылады.

6.6.1 Элективті пән бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған студент оны қайта тапсыруға құқылы

6.6.2. Пәнді қайта өтуге тіркелу (ритейктер) жалпы тәртіпте оқу бөлімі арқылы жүргізіледі.

7.1 "FX" бағасы-қанағаттанарлықсыз

7.1.1 Студент аралық аттестаттау бойынша "қанағаттанарлықсыз" баға алуы жағдайында, академиялық күнтізбеде көрсетілген мерзімде оқу пәні бағдарламасын қайта өтпей, аралық аттестаттауды қайта тапсырудың бір мүмкіндігіне ие.

7.1.2 Егер студент аралық аттестаттауды қайта тапсыруда "қанағаттанарлықсыз" деген баға алса, онда пән бойынша қорытынды бағаретінде "F" қойылады және бұл жағдайда студент қайтадан ақылы негіздепәнді(ритейк) өтуге міндетті.

7.1.3 Студентте шпаргалка болған жағдайда, сондай-ақ студент/кадет емтихандағы тәртіп ережелерін бұзған жағдайда, қорытынды "F" бағасы қойылады.

8. ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАЦИЯ

8.1 БББ студенттерінің қорытынды аттестациясы «Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығымен» жүргізіледі. Білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалау оқу процесінің кестесін ескере отырып айқындалады.

Білім алушыларды бағалау екі кезеңнен тұрады:

1) білімді бағалау;

2) дағдыларды бағалау.

8.2 Бағалау білім алушының таңдауы бойынша тілде (қазақ, орыс немесе ағылшын) жүргізіледі.

Білім алушылардың білімін бағалау тест сұрақтарының көмегімен автоматтандырылған компьютерлік тестілеумен жүргізіледі.



Білімді бағалауға келмеген білім алушылар нәтижелер хаттамасында көрсетілмейді.

Келмеу себебіне қарамастан, білімді бағалаудан өту үшін келмеген білім алушылар ұйымның базасында бағалау бойынша жаңадан белгіленген мерзімде білімін бағалаудан өтуге міндетті.

Белгіленген шекті балдан төмен білімнің қанағаттанарлықсыз бағасын алған кезде білім алушылар дағдыларды бағалаудың екінші кезеңіне жіберілмейді.

Дағдыларды бағалауды емтихан алушылар симуляциялық технологияларды пайдалана отырып білім алушының тілінде таңдау, колледж базасында жүзеге асырады.

Колледж дағдыларды бағалаудан өту кезінде бағалаудың екінші кезеңінен өтудің аудио - және бейне - жазбасын қамтамасыз етеді.

Дағдыларды бағалау бағалау парағы бойынша жүзеге асырылады. Шекті балды «Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы» оқу-әдістемелік бірлестіктердің келісімі бойынша белгілейді.

Дағдыларды бағалау нәтижелері дағдыларды бағалау өткізілген күні беріледі. Апелляцияны ескере отырып, дағдыларды бағалаудың түпкілікті нәтижелері апелляциялық комиссияның жұмысы аяқталғаннан кейін апелляцияға өтініш берілген күннен бастап 2 күннен кешіктірілмей ұсынылады.

8.3 Білім алушыларды бағалау нәтижесі екі кезеңнің балдарынан жинақталады және орташа арифметикалық саны ретінде шығарылады.

8.4 Білім алушыларды бағалау нәтижелері әрбір білім алушыға беріледі.

8.5 Білім алушылар білім мен дағды деңгейін өз бетінше анықтау мақсатында ерікті негізде бағалау бойынша өзін-өзі бағалаудан өтеді.

8.6 Себепке қарамастан, белгілі бір мерзімде келмеген жағдайда білім алушы басқа белгіленген мерзімде бағалаудан өтеді.

8.7 Қайта бағалауды жүргізудің мерзімдері мен шарттарын колледжбен келісу негізінде «Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы» айқындайды.

8.9 Қазақстан Республикасының заңнамасында форс-мажорлық жағдайға жатқызылған мән-жайлар туындаған жағдайда білім алушыларды бағалауды ұйымдастыру және өткізу онлайн режимінде қашықтықтан технологияларды қолдана отырып көзделеді.

Даулы мәселелерді шешу және білім алушылардың құқықтарын қорғау үшін бағалау жүргізу кезеңінде денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымының бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылады.

Апелляциялық комиссия құрамы ғылыми-педагогикалық қызметкерлерден, практикалық денсаулық сақтау қызметкерлерінен, «Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы», үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерінен кемінде бес мүшеден тұрады.


Бағалаудың бір немесе екі кезеңінің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, білім алушы апелляцияланатын бағалау кезеңі өткізілгеннен кейін келесі жұмыс күні сағат 13.00-ге дейін апелляция береді.

Апелляциялық комиссияның хатшысы апелляциялық өтініштерді және бағалаудың аудио және бейне жазбаларын, бағалау парағын (парақтарын) қамтитын өтініш берушінің бағалау материалдарын қабылдайды және тіркейді.

8.10 Апелляциялық комиссия бағалаудың бірінші және (немесе) екінші кезеңдері аяқталғаннан кейін келесі күні апелляцияларды қарауға кіріседі.

8.11 Апелляциялық комиссия қараған білім алушыларды бағалау нәтижелерінің қорытынды хаттамасы апелляциялық комиссия отырысынан кейін келесі күні ұсынылады.

8.12 Апелляцияны ескере отырып, бағалаудың қорытынды нәтижелері білім алушының ИСО-дағы жеке кабинетінде көрсетіледі және колледжге бағалау нәтижелерінің жиынтық хаттамасы түрінде апелляциялық комиссия отырысынан кейін 48 сағат ішінде ұсынылады.

	Процесс картасы "ОҚУ ІСІ" СМЖ НП ПК 01 – 2026	Басылым 2 Дана №1 Бет 18 - 22
---	---	-------------------------------------

9. АКАДЕМИЯЛЫҚ ТРАНСКРИПТ

Транскрипт-оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша кредиттер (сағаттар) мен бағаларды көрсете отырып, тиісті оқу кезеңінде өткен Модульдер/пәндер тізбесін қамтитын құжат.

Алынған бағалардан басқа, кестенің соңында білім алушының жалпы академиялық деңгейін көрнекі көрсететін үлгерімнің орташа балын (GPA) шығару ұсынылады.

Транскрипт үш тілде жасалады, білім беру ұйымының басшысы қол қояды және мөрмен расталады.

Транскриптті оқу бөлімі білім алушының сұратуы бойынша оны оқытудың кез келген кезеңінде береді.

Оқудың толық курсы аяқталғаннан кейін транскрипт бітірушіге білім туралы құжатпен бірге беріледі.

Транскрипт дипломсыз жарамсыз, сондай-ақ диплом транскриптсіз жарамсыз.

10. СТИПЕНДИЯ ТАҒАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ТӨЛЕУ

10.1 Мемлекеттік стипендия колледжде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша күндізгі оқу нысанында оқитын студенттерге тағайындалады және төленеді.

10.2 Күндізгі оқу нысаны бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқудың бірінші жылына қабылданған барлық студенттерге бірінші семестрде мемлекеттік шәкіртақы тағайындалады.

10.3 Келесі оқу семестрінде мемлекеттік шәкіртақыны тағайындау және төлеу, егер емтихан (аралық) сессиясының қорытындысы бойынша (білімді бақылаудың барлық түрлерін қоса алғанда) білім алушының тек "Жақсы" ("B+", "B", "B-", "C+") және "Өте жақсы" ("A", "A -") бағалары болса жүргізіледі.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын көзі көрмейтін мүгедектер мен есту қабілеті нашар мүгедектерге, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және қамқорлықтағы (қорғаншылықтағы) балаларға мемлекеттік шәкіртақы емтихан сессиясы нәтижелері бойынша мемлекеттік шәкіртақыларды төлеу қағидаларында белгіленген академиялық берешегі болмаса ұлғайту ескеріліп төленеді.

10.4 Шәкіртақы ай сайын емтихан сессиясынан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап семестр аяқталатын айдың соңына дейін төленеді. Мемлекеттік шәкіртақыны тағайындау кезінде білім алушының GPA емес, тек қана бағалары ескеріледі.

Мемлекеттік стипендияға ұсынылған студенттерге мемлекеттік стипендия жазғы каникул кезеңі үшін екі айға (шілде, тамыз) бірге төленеді.

Аралық аттестаттауды (емтихан сессиясын) академиялық күнтізбеде белгіленген мерзімде дәлелді себептер бойынша (сырқаттану, отбасы жағдайы, дүлей апаттар) тапсыра алмаған студенттерге колледж басшылығы білім алушы растайтын құжаттарды тапсырғаннан кейін аралық аттестаттау (емтихан сессиясын) тапсырудың жеке мерзімдерін белгілейді.

10.5 Бір оқу орнынан басқасына ауыстырылған студенттерге мемлекеттік стипендия алдыңғы семестр қорытындысы бойынша оқу жоспарларындағы айырма жойылғаннан кейін осы ережеде белгіленген тәртіппен тағайындалады және төленеді.

Медициналық қорытындының (дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы) негізінде берілген академиялық демалыстарды қоспағанда, студенттер академиялық демалыста болған кезеңде мемлекеттік стипендия төленбейді.



Академиялық демалыстан оралған студенттерге мемлекеттік стипендия тағайындау және төлеу оқу жоспарларындағы академиялық айырма жойылғаннан кейін осы ережеде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Сырқатына байланысты екінші оқу жылына қалдырылған студенттерге мемлекеттік стипендия олар оралған сәттен бастап осы ережеде белгіленген тәртіппен оқу жоспары орындалған алдыңғы семестрдің қорытындысы бойынша тағайындалады және төленеді.

Туберкулезбен ауыратын студенттерге мемлекеттік стипендия тиісті медициналық қорытындысы болған кезде, алдыңғы семестрдің қорытындысына қарамастан еңбекке жарамсыздық кезеңі үшін тағайындалады және төленеді, бірақ еңбекке жарамсыздық басталған күннен бастап он айдан аспайды.

10.6. Жүктілігіне және босануына байланысты демалысы кезеңіне студенттерге мемлекеттік стипендия Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген бүкіл мерзім ішінде жүктілігіне және босануына байланысты демалысқа шыққанға дейін белгіленген мөлшерде төленеді.

Академиялық демалыс кезеңінде жүктілігіне және босануына байланысты уақытша еңбекке жарамсыздығы туралы анықтама ұсынған жағдайда, академиялық демалыс тоқтатылып, жүктілігіне және босануына байланысты демалыс ресімделеді.

Студенттер бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты академиялық демалыста болған кезеңде мемлекеттік стипендия тағайындалмайды.

10.7. Стипендиялар білім алушылар үлгерімін бақылау жүктелген бөлім меңгерушісінің қызметтік хаты (ұсынысы) негізінде колледж директорының немесе уақытша оның міндетін атқарушының бұйрығымен тағайындалады.

10.8. Жеке тұлғаларға стипендияларды төлеу ақша алушының таңдаған банкте ашылған ағымдағы шотына сомаларды аудару жолымен жүзеге асырылады.

10.9. Төлем карточкасын жасау немесе екінші деңгейдегі банктерде ағымдағы шоттарды ашу кезеңінде, сондай-ақ ұйым орналасқан жерде екінші деңгейдегі банктер, олардың пункттері және төлем карточкаларына қызмет көрсететін құрылғылар болмаған жағдайда стипендия төлеу ұйымның кассалары арқылы жүзеге асырылады.

10.10. 10.11. Мемлекеттік стипендиялар:

- 1) шығарылу себебіне қарамастан, білім алушы білім беру ұйымынан шығарылған жағдайда;
- 2) білім алушы қайтыс болған жағдайда;
- 3) оқуды бітіргеннен кейін оқуды бітіргені туралы бұйрық шыққан күнінен бастап төленбейді.

11. ОҚУ АҚЫСЫН ТӨЛЕУ

11.1 Колледжде оқу ақысы облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысы шешімімен бекітіледі. Жыл сайын облыстық денсаулық сақтау басқармасы негізгі (жалпыға белгіленген) оқу ақысын анықтайды.

Студенттердің жекелеген санаттары үшін оқудың жеңілдікті құнын беру туралы шешімді колледждің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен бақылау Кеңесі қабылдайды.

Оқу ақысының мөлшері колледж және білім алушы арасында жасалатын ақылы білім беру қызметтерін көрсету шарттары мен колледжде оқу басталғанға дейін (оқу жылы басталғанға дейін) белгіленеді. Шарттың бір «Тарапы» ретінде студенттің білім алуына тапсырыс беруші Заңды тұлға (н/е жеке кәсіпкер) болуы мүмкін.

Шарт жасаспай студент оқу сабақтарына жіберілмейді. Білім алушыға қатысты колледжде тапсырыс беруші ұйым атынан ағымдағы оқу жылында студентті оқытуға міндеттемелерін растайтын кепілдік хаттар алынған жағдайда, осы ережеден өзге шарттар қабылдануы мүмкін.

11.2 Оқу ақысын төлеу білім беру қызметтерін көрсету шарттарымен белгіленген мөлшерде,



тәртіпте және мерзімде жүргізіледі.

11.3 Білім алушы оқу ақысын төлемеген жағдайда сабақтарға және аралық аттестаттауды тапсыруға қатысуға жіберілмеуі мүмкін. Сондай ақ, төлем бойынша қарыз болған жағдайда білім алушы колледж ғимаратына және колледждің ішкі ресурстарын (кітапхана, жатақхана жәнет.б.) пайдалануға жіберілмеуі мүмкін.

11.4 Студент ағымдағы емтихандық сессия басталғанға дейін төлембойынша қарызын өтемеген жағдайда соңғы емтихандарды тапсыруға жіберілмейді. Бұл ретте қорытынды емтихан үшін "FX" бағасы қойылады.

11.5 Студент қарызын өтемеген жағдайда, оқу үшін пайда болған қарыз Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен өндіріліп алынады.

11.6 Колледжден оқудан шығарылған /оқуды аяқтаған сәтте оқу ақысын төлеу бойынша қарызы болған жағдайда диплом және оған қосымша (түпнұсқа және көшірме), ресмитранскрипт, академиялық анықтама және/немесе білім туралы басқада құжаттар төлем бойынша қарыз толық өтелгенге дейін берілмейді.

11.7 Оқытудың белгіленген құны мамандықтың оқу жұмыс жоспарымен қарастырылған кредиттердің ең аз санының құнын қамтиды. Көрсетілген саннан артық кредиттерге, сондай-ақ ритейктергетір келген жағдайда, студент төлем кезінде қолданылатын колледждің ішкі құжаттарымен белгіленген мөлшерде қосымша төлем жасайды.

11.8 Егер студент қандайда бір тіркелген пәндер бойынша оқу сабақтарына дәлелсіз себептермен қатыспаса, шартта белгіленген оқу ақысының мөлшері өзгертілмейді және шарт бойынша төленген тіркелген/өткізіліп алынған пәндер үшін ақшалай қаражат қайтарылмайды.

12. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамаларына және колледждің нормативтік құжаттарына сәйкес реттеледі.

